

Жанжал аймақтарында жұмыс істейтін аудармашылар көбінесе кәсіби лингвистер болып табылмайды, жалайда қарым-қатынаста шешуші рөл атқарады. Қауіп жоғары жағдайда жұмыс істей отырып, олар өте осал және қақтығыс кезінде де, одан кейін де ерекше қорғауды қажет етеді. Аударма қызметтерін алушылар аудармашыларға қатысты өз міндеттері туралы және оларды үнемі қорғап отыру қажеттілігі туралы хабардар болуы керек. Дәл сол уақытта аудармашылардың өздері өз құқықтарын білуі керек, сондай-ақ өздерінің қауіпсіздігі мен беделін арттыру үшін тілдік кәсіптің стандарттары мен этикасын сақтауы керек.

Бұл құжат Халықаралық ауызша аудармашылар қауымдастығы (AIIC), Халықаралық жазбаша аудармашылар федерациясы (FIT) және Red T ұйымы аудармашылар мен олардың қызметтерін алушылар үшін ұсынған негізгі құқықтар, міндеттер мен тәжірибе жөніндегі нұсқаулық болып табылады. Нұсқаулық қарулы күштер, журналистер, ҰЕҰ және қақтығыс аймақтарындағы басқа да ұйымдар үшін далалық лингвистер ретінде қызмет ететін аудармашыларға қатысты қолданылады.

АУДАРМАШЫЛАРҒА

ҚҰҚЫҚТАР

Қорғау

Сіздің тапсырма кезінде де, одан кейін де қорғануға құқығыңыз бар. Қажет болған жағдайда қорғану сіздің отбасыңызға да қолданылуы керек. Сіз қарумен емес, қорғаныс киім мен жарақпен қамтамасыз етілуіңіз керек керек. Азаматтық тұлға ретінде сіз келісім бермесеңіз, униформа киюге міндетті емессіз. Сізге медициналық және психологиялық көмек көрсетілуі керек. Тапсырма алдында сіз қауіпсіздік және төтенше жағдайдағы әрекеттер жөніндегі нұсқамалықтан өтуіңіз керек.

Қолдау

Сіз бүкіл тапсырма бойы қолдау алуға, мысалы, дала жағдайында немесе базадағы тиісті ыңғайлылықтарға құқығыңыз бар.

Шектеулер

Сіздің рөліңіздің шектері анық айқындалуы керек. Сіздің кәсіби немесе жеке стандарттарыңыз бен этикалық қағидаттарыңызды бұзатын және/немесе сіздің қауіпсіздігіңізге негізсіз қауіп төндіретін тапсырмадан бас тартуға құқығыңыз бар.

Кіріспе бөлім

Сізге тапсырмаңыздың жалпы және жеке мәнмәтіні туралы хабарлауға міндетті.

Шарттар

Сіздің төлемақы алуға және қауіпті жұмыс шарттарын көрсететін басқа шарттық ережелерге құқығыңыз бар. Жұмыс сағаттары ақылға қонымды болуы керек, мерзімді үзілістер қарастырылуы керек.

МІНДЕТТЕР

Бейтараптық

Сіздің жалдаушыңыз кім болса да, өз пікіріңізді немесе ұнатқаныңызды білдірмей барлық тараптарға бірдей қызмет ету керек. Сіз ешбір тараптың мүдделерін қорғай алмайсыз және мүдделер қайшылығы болған жағдайда оның бар екендігі туралы хабарлауға міндетсіз.

Құпиялылық

Сіз жұмыс барысында кез келген тараптан алатын кез келген ақпараттың құпия сипатын сақтаңыз. Мұндай мәліметтерді ешкімге жария етпеңіз және оларды жеке пайда үшін пайдаланбаңыз.

Дәлдік

Барлық тараптардың хабарламаларын максималды дәлдікпен жеткізіңіз. Бұл үшін...

- Ауызша аударманың негізгі дағдыларын үйреніңіз, яғни айтылып жатқанды мұқият тыңдаңыз, мәдени нюанстарды, сондай-ақ вербалды емес сигналдарды назарға ала отырып, хабарламаның мағынасын басқа тілде анық жеткізіңіз.
- Тапсырмаларға дайындалыңыз: арнайы лексиканы, қысқарған сөздерді, жаргон сөздерін және т. б. үйреніп, екпіндермен, ымдармен, әдет-ғұрыптармен және т. б. танысыңыз.
- Егер бұл есте сақтауға көмектесетін болса, жазбалар жасап отырыңыз.
- Сөйлеп тұрған адам берген ақпаратты цензураға салмаңыз немесе өзгертпеңіз.
- Қажет болған жағдайда сөйлеушіден айтқан сөзін түсіндіруді немесе баяу сөйлеуді сұраңыз немесе не айтылып жатқанын түсінбей тұрғаныңызды білдіріп, белгі беріңіз.

Аударма Қызметтерін Алушыларға

ҚҰҚЫҚТАР

Сіздің өзіңіздің хабарламаңызды дәл аударуға құқығыңыз бар. Егер сіз төменде көрсетілген міндеттерді орындайтын болсаңыз, аудармашыға қойылған тапсырманы орындауына көмектесесіз.

МІНДЕТТЕР

Құрметтеу

Аудармашылар сіз бен сіз жұмыс істейтін елдің халқы арасындағы байланыстыратын буын болып табылады. Аудармашыларды құрметтеңіз, олар да сізді құрметтейтін болады. Сіз иерархияны орната аласыз, бірақ оны теріс пайдалана алмайсыз.

Қорғау

Сіз үшін жұмыс істеп тұрған кезде, аудармашыға қауіп төнуі мүмкін. Сіздің шарт бойынша жауап беретініңізге қарамастан, аудармашыларды және қажет болған жағдайда олардың отбасын тапсырманы орындау кезінде де, одан кейін де қорғауды қамтамасыз етіңіз.

- Аудармашыларды қаруландырмаңыз.
- Оларды қорғаныс киімімен және жарақпен қамтамасыз етіңіз, бірақ егер олар келіспесе, олардан арнаулы киім киюді талап етпеңіз.
- Аудармашылардың рұқсатынсыз олардың аты-жөнін немесе мекенжайын хабарламаңыз және олардың суреттерін бермеңіз.

Қолдау

Аудармашыларға қолдау көрсетіңіз: дала жағдайында немесе базада тиісті ыңғайлылықтар қамтамасыз етіңіз. Олардың қажеттіліктері мен қамы жайлы хабардар болыңыз.

Рөлді анықтау

Аудармашының рөлін нақты анықтаңыз. Жедел қажеттіліктер мен жауапкершілік тізбегін түсіндіріңіз. Жалпы тәртіппен оларға аудармаға байланысты емес тапсырмалар бермеңіз және егер тапсырма оның кәсіби немесе жеке стандарттары мен этикалық қағидаттарын бұзса және/немесе қауіпсіздігіне қауіп төндірсе, аудармашының тапсырмадан бас тартуға құқығы бар екенін ескеріңіз.

Жоспарлау

Ауызша аударма қақтығыс жағдайында жинақылық танытуды қажет етеді. Бұл өте қиын болуы мүмкін. Жұмыс уақытын, үзілістерді және т. б. бойынша келісіңіз. Аударма қызметтерін пайдаланған кезде қосымша уақыт қажет болатынын және басқа логистикалық қажеттіліктерді ескеріңіз.

Кіріспе бөлім

Әр тапсырма алдында аудармашыға мәнмәтін мен мақсат туралы жалпы және нақты нұсқау беріңіз. Арнайы лексиканы, қысқарған сөздерді, жаргон сөздерін және т. б. түсіндіріңіз.

Бағалау

Егер аудармашының өнімділігін бағалау қажет болса, әділ болыңыз және тиісті бағалау жүйесін пайдаланыңыз. Хабарламалардың дұрыс жеткізілгенін қадағалаңыз және ауызша аударма сөзбе-сөз болмайтынын, бірақ сіздің бастапқы хабарламаңыз нақты жеткізілуі керек екенін ескеріңіз. Ескертулерді жеке тәртіппен жасаңыз. Егер аудармашы лайықты болса, оны марапат, ұсыным және т. б. беріп белгілеңіз.

Аудармашымен Қалай Жұмыс Істеу Керек

Орналастыру

Сіз, аудармашы және үшінші тарап үшбұрыш құратындай етіп тұрыңыз. Сіздің, аудармашының және үшінші тараптың бір-бірлеріңізді көріп, ести алатындарыңызға көз жеткізіңіз. Өзіңізді және аудармашыны таныстырыңыз, аудармашының рөлін түсіндіріңіз. Сөйлеген кезде аудармашыға емес, үшінші тарапқа қарап сөйлеңіз.

Сөйлеу

Аудармашы сіздің сөйлей бастағаныңызды күтеді және сіз тоқтаған кезде аудармады. Аудармашы есте сақтай алатын және дәл жеткізе алатын ақпарат көлемі оның біліктілік деңгейіне байланысты.

- Біршама қарапайым сөздерді және қысқа, логикалық сөйлемдерді пайдаланыңыз.
- Анық сөйлеңіз және тым тез сөйлемеңіз.
- Басқа мәдениетте түсініксіз сленгті, қысқарған сөздерді, жаргонды немесе сөздер арасындағы байланыстарды қолданудан аулақ болуға тырысыңыз.
- Өзіл шиеленісті азайтуға көмектескенімен, оны аудару қиын екенін ескеріңіз.
- Акцентіңізге, диалектіңізге және сөйлеу ерекшеліктеріңізге назар аударыңыз және олардың аудармашының жұмысына қалай әсер ететіні туралы ойланыңыз.
- Сіз не сөйлеп жатқаныңызға және қалай сөйлеп жатқаныңызға назар аударыңыз.

Тексеру

Сіз барлық тараптардың хабарламаны түсінуді қамтамасыз етуге жауаптысыз. Егер сіз басқа тараптың не айтқанын түсінбесеңіз, қайталауды және/немесе нақтылауды сұраңыз. Егер сіз басқа тарап сіздің айтқаныңызды түсінбеді деп ойласаңыз, аудармашының сізді түсінгеніне көз жеткізіңіз. Бұл ретте басқа тарапқа жалпы не талқылап жатқаныңызды хабарламастан, аудармашымен бөлек әңгімелесуді бастамауға тырысыңыз.

Басқару

Жауапкершілікті аудармашыға сілтемеңіз. Аудармашы сіздің атыңыздан мәлімдеме жасамауы немесе сұрақтар қоймауы керек. Ол тек сіздің айтқаныңызды аудармады. Сіз процедураға жауаптысыз, алайда қажет және орынды болған жағдайда аудармашымен кеңесіңіз.

Азаматтық ауызша және жазбаша аудармашылар мен олардың қызметтерін алушыларға арналған қақтығыс аймақтарындағы далалық жұмыс жөніндегі нұсқаулық, нұсқасы 3/2012